



Портфолио

Мен Еділ Гімінғазыұлы 1999-жылы 8-қаңтарда Қытай халық республикасы, Шинжияң ұйғыр автономиялы районы, Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін ауданында дүниеге келдім.

2018-жылы өз ауданымыздан толық ортаны бітіріп, әуесім бойынша бейнелеу өнері мамандығына Шинжияң көркемөнер академиясына түстім.

2023-жылы 6-айда Шинжияң көркемөнер академиясынан бейнелеу өнері мамандығы бойынша бакалаврды тәмамдадым.

2024-жылы наурызда Университет бітірген соң Қазақстанға келіп, магистратураға түсуге дайындалдым. Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясына, көркем сурет факультетіне қабылдандым.

Кәсіптік жетістіктерім: Уәкілдік туындыларым- “Арман қуу”, “Аламан”, “Әже”, “Жаңа заман”, “Нұрлы арман” қатарлы туындыларым Қытай халық республикасында автономиялы райондық және мемлекеттік конкурстерге қатысып, бірнеше мәрте жеңімпаз болдым.

Кәсіптен сыртқы әуесім - домбыра тарту, дәстүрлі ән орындау. Және торқалы тойлардың тізгінін ұстап, асаба болдым.

Дәстүрлі ән орындауда үлкенді-кішілі байқауларда өнер көрсетіп, бас жүлделерді қанжығаладым.

2018-жылдан бастап жаздық-қыстық каникул демалысымнан пайдаланып, өнерге тәрбиелеу курсын ашып, жас жеткіншектерді домбыраға және бейнелеу өнеріне тәрбиеледім. Ұстаздық жолда өзім де көптеген тәжірибелерге ие болдым.